

БЕКІТЕМІН
Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай
қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 3
бөбекжай-бақпасы» МКҚК директоры
Хамзина К.Б.



(қолы)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығы

МІНДЕТТЕРІ:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл мәселелерi бойынша iшкi құжаттарды әзiрлеу;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзiрлеу және өзектендiру;
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттi қалыптастыру мәселелерi бойынша түсiндiру iс-шараларын жүргiзу;
- 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингiлеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) мемлекеттiк функцияларды орындауға уәкiлеттiк берiлген адамдарға теңестiрiлген адамдар санатына жататын квазимемлекеттiк сектор субъектiсi жұмыскерлерiнiң Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердi сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргiзу;
- 6) корпоративтiк этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) квазимемлекеттiк сектор субъектiсi қызметкерлерiнiң сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтiк Әдеп кодексiн (болған жағдайда) сақтауын бақылау;
- 8) "Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерiне iшкi талдау жүргiзудiң үлгiлiк қағидаларын бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттiк қызмет iстерi және сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл агенттiгi Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкiлдерiн тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерiне iшкi талдау жүргiзу;
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерiне жүргiзiлген iшкi талдау нәтижелерi туралы ақпаратты жария етiп ашуды қамтамасыз ету;
- 10) сыбайлас жемқорлық фактiлерi туралы өтiнiштер (шағымдар) негiзiнде қызметтiк тексерулер жүргiзу және / немесе оларға қатысу;
- 11) квазимемлекеттiк сектор субъектiсiнiң қызметiндегi сыбайлас жемқорлық тәуекелдерiн төмендету жөнiндегi жұмысты үйлестiру;
- 12) квазимемлекеттiк сектор субъектiсiнiң қызметiндегi сыбайлас жемқорлық тәуекелдерiне сыртқы талдау жүргiзу кезiнде сыбайлас жемқорлыққа қарсы iс-қимыл жөнiндегi уәкiлеттi органға көмек көрсету;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау.

14) квазимемлекеттік сектор субъектісі жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

ҚҰҚЫҚТАРЫ:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен реттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Есеп беретін өзге тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасауға құқылы;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасауға құқылы;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатысуға құқылы;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;

7) сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз ету;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Есеп беретін өзге де адамды (органды) уақтылы хабардар етуге міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Танысқан:

Ғабил

О.В

(Ф.А.Ә)

О.Ғабил

(қолы)